

«Өнер алаңы» ашылды

Қызырбек ДҮРГІНБАЙҰЛЫ

Өскемендеңі облыстық кітапхана жаһынан «Өнер алаңы» ашылды. Жаңа ашылған өнер алаңында әуезді ән айтылып, күмбірлі қүй төгіліп, сурет көрмесі сыр шертті.

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасына жиналған жұрт алдымен алаңың ашылу салтанатын жасап, артынан әсем әнге құлақ түрді.

— Халықтың бай қазыналарының басында өнер тұрады. Әр үлттың өз өнері бар, соның ішінде мен үшін қашанды қазақтың өнері озық деп ойлаймын. Бүгінгі білім ошағы саналатын кітапхана шаңырағына бір топ өнер иесі жиналыпты. Әр өнер иесінің басын тоғыстырыған өнер алаңы құтты болсын, — деді әнші Құмархан Ахметқалиев.

Дүбірлі кешкө домбыраларын арқалап шебер Ерболат Ақаев та келіпті. Ол кешкө келген қонақтарға домбыра түрлерін таныстырып, оның жасалу жолы туралы баяндады.

Ал суретші Ержан Тұрғанбаев ауыл өмірінен сыр шертер суреттерін таныстырып, өз өнерінің қыр-сырымен бөлісті.

— Өнер де адам өмірімен біте қайнасатын дүние. Мен қалада жиырма жыл тұрса да, қала туралы сурет салмаппым. Суреттерімнің кебі ауылдың тыныс-тіршілігіне қатысты. Сондықтан кез келген орта өнерге дем береді деп айта аламын. Бүгін ашылып жатқан алаң өнерлі жандарға дем берсін, — деді су-



ретші Ержан Тұрғанбаев.

Өнер алаңына арнайы келген ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесінің әнші қыздары Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін хормен шырқап, көпшіліктік көңілін бір көтеріп таставды.

Жаңа ашылған өнер алаңында алдағы уақытта да рухани іс-шаралар жалғасын тауып, өнерлі жандардың басы қосылып, кездесулер етіп тұратыны айтылды.